

Жангелдин ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 23 маусымдағы № 93 "Жангелдин ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қостанай облысы Жангелдин ауданы мәслихатының 2024 жылғы 18 қантардағы № 11 шешімі

Жангелдин ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Жангелдин ауданы әкімдігінің "Жангелдин ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" 2022 жылғы 23 маусымдағы № 93 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

корсетілген қаулымен бекітілген қосымша осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Жангелдин ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) енгізілген өзгерістерді аумақтық әділет органында тіркеуді;

2) осы қаулыға қол қойылған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қостанай облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы қаулыны оның ресми жарияланғаннан кейін оның Жангелдин ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуы қамтамасыз етілсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ш. Оспанов

Жангелдин
ауданы әкімдігінің
қаулысымен № 11
"18" қантар 2024 жылы
бекітілген

"Жангелдин ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесі

1. Жалпы ережелер

1. "Жангелдин ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Бөлім) халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Бөлімнің ведомствосы жоқ.

3. Бөлім өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік-құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Бөлім мемлекеттік мекеме ұйымдық - құқықтық нысанадағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Бөлім азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан кіреді.

6. Бөлім егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарабы болуға құқығы бар.

7. Бөлім өз құзіретіндегі мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен мекеме басшысының бүйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен рәсімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Бөлімнің құрылымы мен штаттық санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Бөлімнің орналасқан жері - индексі 110600, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, Торғай ауылы, Амангелді қоғашынан, 38.

10. Осы Ереже бөлімнің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Бөлімнің қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының Заңнамасына сәйкес республикалық және жергілікті бюджеттерден жүзеге асырылады.

12. Бөлімге кәсіпкерлік субъектілерімен Бөлімнің өкілеттігі болып табылатын міндеттерді орындау түрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Бөлімге заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен өзгеше белгіленбесе, алынған кірістер мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2. Мемлекеттік органдың міндеттері мен өкілеттіктері

13. Міндеттері:

1) халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғауға жәрдемдесудің мемлекеттік бағдарламаларын іске асыру;

2) Қазақстан Республикасының Заңнамасында белгіленген құзіреті шенберінде азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсетілуін ұйымдастыру;

3) Халықты әлеуметтік қорғау саласында жергілікті атқарушы органдар көрсететін мемлекеттік қызметтерді көрсету;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттер.

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

Мемлекеттік органдар мен ұйымдарда Бөлімнің мүдделерін білдіру;

Өз құзыretі шегінде мемлекеттік органдардан және басқа да ұйымдардан қажетті ақпаратты, құжаттарды және басқа да материалдарды сұрату және алу;

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларын сактау;

Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің және өзге де орталық атқарушы органдардың, сондай-ақ облыс әкімінің және әкімдігінің актілері мен тапсырмаларын сапалы және уақытылы орындау;

Мемлекеттік қызметтерді сапалы және уақытылы көрсетуді қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттер.

15. Қызметтері:

1) аудандарда (облыстық маңызы бар қалаларда) жұмыс күшінің сұранысы мен ұсыныстарын талдауды, болжауды және облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органын хабардар етуді жүргізеді;

2) облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарына халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шаралары жөнінде ұсыныстар енгізеді;

3) өнірлік жұмыспен қамту картасын және халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларын іске асыруды жүзеге асырады;

4) ұлттық жобалар, облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарлары, өнірлік жұмыспен қамту картасы шенберінде жұмыс орындарын құру мониторингін жүзеге асырады;

5) кәсіпкерлік бастаманы дамыту арқылы ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыс орындарын құруды қолдауды жүзеге асырады;

6) жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру мақсатында облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарына адамдардың ерікті түрде қоныс аударуы үшін елді мекендерді айқындау жөнінде ұсыныстар енгізеді;

7) жұмыс орындарын босату және қысқарту тәуекелдері бар ұйымдардың мониторингін жүзеге асырады;

8) халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесуді қамтамасыз ету мақсатында еңбек ұтқырлығы орталықтарымен өзара іс-қимыл жасайды;

9) қарамағындағы арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін субъектілерді құруды және олардың қызметін жүзеге асырады;

10) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін субъектілердің арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдік берілген көлемін ұсынуын жүзеге асырады;

11) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін субъектілерді кадрмен қамтамасыз етуді, әлеуметтік қызметкерлерді кәсіптік даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыруды жүзеге асырады;

12) халықтың арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттіліктеріне талдау жүргізуді жүзеге асырады;

13) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету бойынша мемлекеттік сатып алуды, сондай-ақ мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыруды және арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікті бағалау мен айқындау жөніндегі қызметтерді жүзеге асырады;

14) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету жүйесін дамыту жөнінде шаралар қабылдауды жүзеге асырады;

15) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету мәселелері бойынша жеке, заңды тұлғалармен және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылды жүзеге асырады;

16) мүгедектігі бар адамдарға әлеуметтік көмек көрсетуді және қайырымдылық көмек көрсетуді үйлестіруді жүзеге асырады;

17) жеке бағдарламаға сәйкес мүгедектігі бар адамдар мен мүгедектігі бар балаларды санаторий-курорттық емдеумен қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

18) мүгедектігі бар адамдарды жеке бағдарламаға сәйкес техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдармен және (немесе) арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

19) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мүгедектігі бар адамдарға әлеуметтік көмектің қосымша шараларын ұсынуды жүзеге асырады;

20) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреті шенберінде әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі кәмелетке толған адамдарға қатысты қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асырады;

21) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреті шенберінде мемлекеттік қызметтер көрсету;

22) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреті шенберінде өзге де функцияларды жүзеге асырады.

3. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттігі

16. Бөлімге басшылықты Бөлімге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

17. Бөлімнің бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Бөлімнің бірінші басшысының өкілеттігі:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Бөлім қызметкерлерін қызметке тағайындейды және қызметтен босатады;

- 2) заңнамада белгіленген тәртіппен көтермелесу, материалдық көмек көрсету, тәртіптік жаза қолдану мәселелерін шешеді;
- 3) бұйрықтар шығарады және Бөлімнің барлық қызметкерлері үшін міндettі нұсқаулар береді;
- 4) қызметтік құжаттарға қол қояды;
- 5) Бөлім атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 6) Бөлім қызметкерлерінің белгіленген саны және еңбекке ақы төлеу қоры шегінде штат кестелерін бекітеді;
- 7) бюджеттік бағдарламалар әкімшісін және мекеменің міндettемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарларын бекітеді;
- 8) өз құзіреті шегінде Бөлімнің қаражаты мен мүлкіне иелік етеді;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

4. Мемлекеттік органдың мүлкі

19. Бөлімнің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Бөлімнің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынатын мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

20. Бөлімге бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

21. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Бөлім өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жок.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

22. Бөлімді қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.